

«Кселл» АҚ ұялы байланыс қызметтері үшін «Online Payment» (Онлайн төлем) жүргізу қағидасы

Онлайн төлем жүргізер алдында осы Онлайн төлем жүргізу Қағидаларымен және талаптарымен танысыңыз.

Сіз төменде көрсетілген талаптармен келісетін болсаңыз, осы Қағидамен келісетінін растаңыз – *«Мен қағиданы оқып шықтым, онлайн төлем жүргізу талаптарымен келісемін және қабылдаймын. Мен тексердім және көрсетілген абоненттік нөмірге таңдалған соманы төлейтінімді растаймын. Барлық ақпаратты дұрыс енгіздім.»*. Көрсетілген терезеге Қағида мен талаптарды қабылдау туралы белгі қоя отырып, Сіз талаптарды қабылдап, Қағидамен танысқаныңызды және оған болашақта қарсылық танытпайтыныызбен, сондай-ақ «Автотөлем» қызметін таңдаған жағдайда, Дербес шотты автоматты түрде толықтырғанда, ақшаның автоматты түрде ай сайын алынуы бойынша Сізге қызмет көрсетілетінімен сөзсіз келісесіз.

1. Анықтамалар:

Төлеуші	Абонент пайдасына Онлайн төлем арқылы Оператордың ұялы байланыс қызметтерінің төлемі ретінде Банкке Интернет тапсырма арқылы ақша аударуды бастамалаған банктік төлем карточкасының иесі-тұлға.
Абоненттік нөмір	Абонентті желіде сәйкестендіру үшін Абонент атына тіркелген телефон нөмірі;
Дербес шот	көрсетілген қызметтер көлемін, абонентпен жасалған шартқа сәйкес қызметтер төлемінің есебіне түскен және жұмсалған ақшаны есепке алуға арналған ұялы байланыс операторының биллингтік жүйедегі аналитикалық есеп тіркелімі;
Төлем карточкасы	Visa International*, MasterCard International, American Express төлем жүйелерінің банктік карточкалары; <i>*Банк-эмитент <i>Visa Electron төлем карточкалары бойынша интернет арқылы төлемдер жүргізу мүмкіндігі көзделсе ғана, төлемге қабылданады.</i></i>
Авторизация	Төлеушінің транзакцияны (Онлайн төлемді) жүргізу мүмкіндігін растайтын яғни: а) карт-шоғғың болуы мен онда Оператор Қызметтерін төлеу үшін қаржының жеткіліктілігі; ә) Төлем карточкасы деректемелерінің Банк-эмитенттің Карт-шотына сәйкестігі; б) Төлем карточкасының әрекет ету мерзімін растау, сондай-ақ в) Онлайн-төлемді жүргізу сәтінде Төлем карточкасының бұғатталмағанын растайтын Төлеуші сәйкестендіруінің негізінде (төлем карточкасын шығарған) Банк-эмитенттің рұқсаты.
Абонент	Оператордың қызметтерін пайдаланатын заңды немесе жеке тұлға;
Оператор	«Кселл» АҚ

Банк	Төлеушінің Абонент пайдасына Оператордың ұялы байланыс қызметтеріне төлемге Онлайн төлеммен Интернет арқылы ақша аударуға тапсырмасын алатын интернет Банк,
«Kcell» АҚ қызметтері	Оператордың Activ және Kcell (бұдан әрі - Activ және Kcell қызметтері) тауар белгісімен ұсынатын ұялы байланыс қызметтері.
«Онлайн төлем» жүйесі	Төлеушіге төлем карточкасымен Интернет арқылы Оператор қызметтерінің төлемін жүргізуге мүмкіндік беретін төлем сервистерінің жиынтығы;
Онлайн төлемдер	Оператордың ұялы байланыс қызметтерінің төлеміне Абонент пайдасына ақша аударуға Банкке тапсырма ретінде Интернет арқылы Төлеуші бастамашы болған төлем карточкасы арқылы төлемдер.

2. Онлайн төлемнің жалпы сипаттамасы

1. «Онлайн төлем» жүйесінің арқасында Сізге Activ және Kcell қызметтерін Төлем карточкалары арқылы төлеу мүмкіндігі ұсынылады.

2. Бұл мүмкіндік Activ және Kcell қызметтерін «Онлайн төлемдер» жүйесі арқылы төлеудің қосымша тәсілі болып табылады. Төлем Банктің авторизациялық сервері арқылы оның қорғалған <https://erau.kkb.kz> WEB-порталы арқылы жүргізіледі.

3. Қызметтерді төлеу бойынша «Онлайн төлемдер» қазақстандық теңгемен жүргізіледі. Онлайн төлемнің сомасы шектеулер бар, ең жоғарғы және ең төменгі сома бойынша хабарлама төлем жүргізген кезде көрсетіледі.

4. Оператор Онлайн төлемдерді жүргізгені үшін комиссия немесе басқа да төлемдерді ұстамайды. Сіз таңдаған сома Сіз көрсеткен Абоненттік нөмірдің Дербес шотын толтыруға бағытталады.

5. Онлайн төлемдерді жүргізуге сіздің банкіңіз банктік комиссия алуы мүмкін. Оператор сіздің банкіңіз немесе халықаралық төлем жүйесінің алған қосымша төлеміне жауапты болмайды. Төлем жүргізбес бұрын сіз өзіңіздің банкіңізбен хабарласуыңыз керек.

6. Интернетте электронды төлемдердің анағұрлым қауіпсіз жүргізілуі үшін кейбір банктер 3D Secure кодын сұрайды. Төлем картаңыздың мәліметтерін енгізгеннен кейін Сізден 3D Secure коды сұралуы мүмкін. Сондай-ақ Онлайн төлемдер жүргізу кезінде банктің төлем карточкалары бойынша 3D Secure/SecureCode қажет етілетін лимиттерден жоғары өлшемдер болуы мүмкін. Егер Сізде 3D Secure/SecureCode коды жоқ болса, Сізге оны банкіңізден сұрау қажет.

3. Онлайн төлем жүргізу тәртібі

1. Төлеуші Оператордың www.activ.kz немесе www.kcell.kz сайттарында:

- өзінің Дербес шотын да, сондай-ақ Оператор Абонентінің басқа Дербес шотын да біржолғы толықтыруды;

- «Автотөлем» қызметін таңдаған жағдайда, белгілі қағидаларды баптаған кезде (Дербес шот теңгерімінің шектік мәнінің баламасы 100 теңгеге жеткенде; кесте бойынша; USSD пәрмені арқылы мобильді телефоннан сұраным бойынша) өзінің Дербес шотын да, сондай-ақ Оператор Абонентінің басқа Дербес шотын да автотолықтыруды жүзеге асырады.

2. Төлеуші дербес шоттың теңгерімін толықтырғысы келетін Абоненттік нөмірді (бос орынсыз) енгізеді.

Номер телефона

+7 () - -

Телефон нөмірі

11 таңбалы нөмір. Мысалы, + 7(702) 2346783

3. Төлеуші көрсетілген Абоненттік нөмірдің теңгерімін толтырғысы келген соманы таңдайды:

Сумма оплаты

200

4. Төлеуші Онлайн төлем жүргізу талаптарымен келісіп, қабылдайды және келесі бетке ауысу үшін «Жалғастыру» батырмасын басады:

Продолжить

- Я прочитал **правила**, согласен и принимаю условия проведения онлайн оплаты. Я проверил и подтверждаю, что намерен оплатить выбранную сумму на указанный абонентский номер. Вся информация внесена мной правильно.

5.«Жалғастыру» батырмасын басқаннан кейін Төлеуші авторизацияланған серверде орналасқан <https://epay.kkb.kz> электрондық төлемнің қорғалған WEB-порталына бағытталады, онда Төлеуші өзінің төлем карточкаларының мәліметтерін енгізуі қажет. Бұл ретте Төлеуші Абоненттік нөмірді және өзінің алдыңғы бетке енгізген теңгерімді толықтырудың таңдалған сомасын көреді.

6. Онлайн төлем Төлеушінің <https://epay.kkb.kz> қорғалған WEB-порталында Төлем карточкасының мәліметтерін, Төлем карточкасының арнайы динамикалық сәйкестендіру кодын енгізгеннен және оның Банктің сәтті авторизациялағанынан кейін жүргізіледі.

7. Төлеуші төлеу туралы чекті немесе төлем жүргізу кезінде қателер туралы еабарлама алу үшін өзінің электронды почтасының адресін енгізеді.

8. <https://epay.kkb.kz> WEB-порталында барлық қажетті жолақтарды толтырғаннан кейін Төлеуші «Төлеу» батырмасын басады.

9. Банктің төлем карточкасын сәтті авторизациялаған және транзакция (Онлайн төлем) сәтті жүргізілген жағдайда, Абоненттік нөмірдің теңгерімі толықтырылады. Теңгерімді толықтыру туралы ақпараттық SMS хабарлама (Онлайн төлем жүргізілген) Абоненттік нөмірге жолданады.

4. Шектеулер

1. Онлайн төлем Банктен электрондық интернет төлемдерді жүзеге асыруға қолжетімділік алған барлық Төлеушілерге қолжетімді.

2. Оператор Тексерушінің дұрыс көрсетпеген Абоненттік нөміріне және дұрыс көрсетілмеген сомаға жүргізілген төлем үшін жауаптылықта болмайды. Дұрыс көрсетілмеген нөмірге және Төлеуші дұрыс көрсетпеген сомаға жүргізілген төлем қайтаруға жатпайды. Оператор ақша аударымын жүзеге асырмайды және қандай да бір банктік қызметтер көрсетпейді, аударым жүргізудің дұрыстығы үшін барлық жауапкершілік банк пен Төлеушіге жүктеледі. Онлайн төлем арқылы жүргізілген ақшаны қайтару бойынша барлық наразылықтар Тікелей Банк пен Төлеуші арасында шешіледі.

3. Төлем карточкасы жоғалған немесе ұрланған жағдайда, Төлеушіге Төлем карточкасының (оны шығарған) банк-эмитентіне хабарласу қажет. Оператор Төлеушінің төлем карточкасын үшінші тараптардың заңсыз пайдалануына жауапты болмайды.

4. Онлайн төлемді жүргізген кезде Төлеуші өз әрекеттерінің заңдылығына кепілдік береді. Оператор Төлем карточкасының заңсыз пайдаланылуына жауапты болмайды. Бұл ретте алаяқтық транзакциялар (төлемдер) тәуекелін азайту мақсатында жекелей алынған бір күнтізбелік күн ішінде кез келген жекелей алынған төлем карточкасының пайдаланылуымен жүргізілген транзакциялар (төлемдер) саны 3 (үш) транзакциядан (төлемнен) асса, Банк авторизация бермейді.

5. Төлеуші құпиялылықты сақтау, заңсыз пайдаланудың алдын алу және үшінші тұлғалар тарапынан төлем карточкасы бойынша деректерге (төлем карточкасының деректемелері, 3D Secure коды/SecureCode және т.б.) заңсыз қолжеткізу алуынан қорғау бойынша барлық қажетті шараларды өз бетінше қабылдауға міндеттенеді. Төлеуші техникалық құрылғыларға вирусқа қарсы бағдарламалық қамтамасыз етуді өз бетінше орнатуға және оның уақытылы жаңартылуын қолдауға міндеттенеді.

6. «Төлеу» батырмасын баса отырып, Сіз Қағидамен танысқаныңызды және шектеулер туралы ескертілгенін растайсыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

Төлем жүргізудің қауіпсіздігі мақсатында, Төлеуші өз Төлем карточкасының деректерін және оны сәйкестендіру кодын (CVV2/CVC2/CID) ТЕК <https://epay.kkb.kz> сайтында ҒАНА енгізуі қажет!

Абоненттер осы Қағида әрекетінің тоқтатылғаны немесе өзгерістері туралы Оператордың сайты арқылы хабардар етіледі. Оператор хабарламада көрсеткен сәттен бастап Қағида өзгертілген болып есептеледі.